

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасы.

9 маусым 2024 жыл

«Болашақ» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 2024 жылғы 03 маусымда өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№4 хаттамасы) шешімі негізінде 2024 жылдың 03 маусым - 10 маусым аралығында балабақшада өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды.

Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін балабақша басшысының м.а. 2024 жылғы 03 маусым **№14 -н/қ** бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

- 1) Базарбаева М.Б. -комиссия төрағасы, балабақша басшысының м.а.
- 2) Жаумбет А.М. - тәрбиеші
- 3) Акатаева С.К. -тәрбиеші
- 4) Оразбай А.Ғ. кәсіподақ төрағасы
- 5) Дуйсенбина Г.Г. шаруашылық меңгерушісі

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде бөбекжай-балабақшасының қызметі бағаланды.

I .Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.

1. Білім беру ұйымының толық атауы

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Болашақ» МКҚК

Білім беру ұйымының орналасқан жері

(заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)

Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Ақжар ауылы Ә.Молдағұлова көшесі, 5А үй, пошталық индексі 031112.

2. Заңды тұлғаның байланыс деректері

3. *(телефон, электрондық пошта, web-сайт)*

4. Балабақшадағы сайт атауы: <http://akzhar-bolashak-bb.kz/kz>

5. Электрондық пошта: bolashakbb2010@mail.ru

6. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері

(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)

Мекеме басшысының м.а. Базарбаева Махаббат Базаралиевна, Хромтау аудандық білім бөлімінің 2022жылғы 07 шілдемен № 78/1-ж/қ бұйрығымен тағайындалған. ұялы телефоны: 8 777 167 82 75.

7. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 15 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 05.03.1999 жыл, БСН-100340001950. Ақтөбе облысының әкімдігі мекеменің құрылтайшысы болып табылады. Мекеменің Жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 бұйрығымен бекітілген.

8. Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны 14.04.2021 жылы №KZ31RVK00034461 берілген.

Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Ғимараттың техникалық төлқұжаты: Салынған жылы: 1975 ж.

Балабақшаның жобалық қуаты-50 орын.

Білім беру мекемесінің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02:034:007:504:1. Құрылыс ауданы- 331,4 кв.м. Ғимараттың ауқымы- 1027 кв.м Жалпы ауданы- 274 кв.м. Балабақшаның ғимараты орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық су бөллер арқылы қамтамасыз етілген.

«Болашақ» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын типтік үлгідегі бір қабатты жаңа ғимараты 2010 жылдың 10 қаңтар күнінен жұмыс жасап келеді.

Бөбекжай-балабақшасы 50 орынға арналған, қазақ тілінде 2 топ жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі мекемеде барлығы 23 -қызметкерлер жұмыс жасайды, оның ішінде педагог қызметкерлер саны-6-ау.

Штаттық кесте ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына» сәйкес 20,25 бірлікті құрайды, , аудандық білім бөлімінің басшысымен келісілген, мекеме басшысымен бекітілген.

Балабақшаның сайтына тарифтік тізім мен штаттық кесте орналастырылған.

“Болашақ”бөбекжай- балабақшасының штаттық кесте бірліктері:

№	Қызмет атауы	бірліктер
1	Меңгеруші	1
2	Педагог-психолог	0,5
3	Әдіскер	0,5
4	Орыс тілі маманы(01.09.2022 жылға дейін) Тәрбиеші (01.09.2022 жылдан бастап)	0,25
5	Шаруашылық меңгерушісі	0,5
6	Медбике	0,5

7	Есепші	0,5
8	Тәрбиеші	4
9	Музыка жетекшісі	0,5
10	Тәрбиеші көмекшісі	2
11	Аспаз	1
12	Асхана жұмысшысы	0,5
13	Кір жуушы	1
14	Кастелянша	0,5
15	Күзетші	3
16	Мекеме жинаушы	0,5
17	жұмысшы	0,5
18	Газ құбырғылардың операторы	3
	Барлығы:	20,25 (бірлік)

“Болашақ” МКҚК тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен 1-қосымшасы бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады.

Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім, білік және өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектеп алды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
- 5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

- 6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгертін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру;

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

9.1. оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі;*

2023-2024 оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін құрылған оқу жұмыс жоспарларындағы білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің мектепке дейінгі ұйымның МЖМБС талаптары мен УОЖ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған жылдардағы барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері мекеме басшысымен бекітілген, мекеменің мөрімен куәландырылған.

Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы мен ұйымдастырылған оқу қызметі санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

«Болашақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастыруда:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген 1-қосымша “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты”;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394бұйрығы) “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” ;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары”;
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы”;

2023-2024 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшасы “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары” на сәйкес құрылған.

2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- 2) балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- 3) тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- 4) Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйым педагогтары:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қағидаларын басты назарда ұстаған.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

«Болашақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның педагогикалық ұжымы тәрбиелеу білім беру процесін

- перспективалық жоспары;
- циклограммасы;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер оқу жылы басталғанға дейін жылына жасап, мекеме басшысымен бекітірген. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. *Циклограмманың* ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. *Циклограмма* әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Балабақша топтарының циклограммалары:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жасалған;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылған;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінген. Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Қосымша-1: оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері анықтамаға қоса жалғанып отыр.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы мен ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

“Болашақ” бөбекжай-балабақшасындағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мақсаты: жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны бағытталған:

- ✓ дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;
- ✓ балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;
- ✓ тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;
- ✓ өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;
- ✓ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;
- ✓

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылған:

“Қарлығаш” ерте жас және кіші аралас тобы, “Айжұлдыз” ортаңғы және ересек аралас тобы

«Болашақ» бөбекжай-балабақшасының әр жас топтары бойынша перспективалық жоспарларында төмендегідей мақсат-міндеттер жүзеге асырылған:

«Қарлығаш» ерте жас және кіші аралас тобы бойынша:

- қимылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;

- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;
- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;
- денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру
- балалардың ауызекі сөйлеуін дамыту арқылы әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету
- қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау;
- балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру;
- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену негізінде баланың әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.
- сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру
- балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту
- балаларды әлеуметтендіру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

«Айжұлдыз» ортаңғы және ересек аралас тобы бойынша:

- денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру
- баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықты арттыру, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту, дене сапаларына және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту
- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу
- балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру
- математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту
- балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау
- жалпы адами нормалар мен ережелер және экологиялық білім негізінде тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Қосымша: Мектепке дейінгі ұйымда құрастырылған және бекітілген перспективалық жоспарлар (білім беру бағдарламалары) анықтамаға қоса жалғанады.

Қорытынды: Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес.

9.3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау: “Болашақ” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

1. 2023-2024 оқу жылында “Болашақ” бөбекжай-балабақшасында барлығы 6 педагог жұмыс жасайды.

№	Педагогтардың аты-жөні толық (құжаттағыдай)	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбе к өтілі	Санаты
1	Базарбаева Махаббат Базаралиевна	Жоғары «Орталық Азия инновациялық университеті 22.06.2023ж	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	10 жыл	Педагог- модератор
2	Оразбай Айда Ғабиденқызы	Арнаулы орта "Ақтөбе гуманитарлық колледжі" МКҚК. 25.05.2014 ж.	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	10 жыл	Жоқ
3	Акатаева Самалай Каныбековна	Арнаулы орта, «Болашақ» көпсалалы колледжі 29.06.2018ж	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	7 жыл	Жоқ
4	Бисенова Асел Еркінқызы	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы университеті 13.06.2019ж	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	3 жыл	Жоқ
5	Жаумбет Ақтоты Мирханқызы	«Болашақ» көпсалалы колледжі 29.06.2015ж	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	4 жыл	Жоқ
6	Қаңтарбаева Гүлстана Қазбекқызы	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы университеті 13.06.2018ж	«Дефектология»	4 жыл	Жоқ

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылдары бойынша

1 педогог «Дефектология» мамандығын бітірген, 5 педагог «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығын бітірген.

Педагогтардың білімі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Пед. білім
2023-2024	6	2 (33%)	1(17%)	3 (50%)	0	0

Қорытынды: Педагогтардың білімдері бойынша

2023-2024 оқу жылдары бойынша 3 педагог жоғары білімді, 2 арнаулы орта білімді.

Біліктілік санаты бойынша:

Оқу жылдары	Жалпы саны	жоғары	I	II	Санаты жоқ	Педагог-Зерттеу	Педагог - Сарапшы	Педагог-Модератор
2023-2024	6	0	0	0	0	0	0	1 (17%)

Біліктілік санаты бойынша :

Қорытынды: Педагог сарапшы- 0 , педагог санатты-0 педагог;II санатты педагог-0;педагог-модератор-1. Санаты жоқ- 5 педагог

Ұсыныс: Педагогтардың біліктілік санатын өсіруге көңіл бөлу керек.

Еңбек өтілі бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	0-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-15 жылға дейін	15-тен 20жылға дейін	20 жылдан жоғары
2023-2024	6	3	3	0	0	0

Қорытынды:

2023-2024 оқу жылдары бойынша 3 педагогтың еңбек өтілі 0-5 жыл аралығы, 5-10 жыл аралығында еңбек өтілі бар 3 педагог.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60-тан жоғары жас
2023-2024	6	4	2	0	0	0

Қорытынды: *Педагогтардың жастары бойынша ұжымда жұмыс жасайтын педагогтардың жас құрамы бойынша*

2023-2024 оқу жылдары бойынша 20-30 жас аралығында 4 педагог, 30-40 жас аралығында 2 педагог.

Курстан өткен педагогтар көрсеткіші

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	Республикалық білім жетілдіру орталығы	Ақылы курстар
2022-2023	6	5	0	1

Қорытынды:

Біліктіліктің арттыру курстары:

Балабақшаның педагогтарыөз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттырукурстарынан өтіп отырған.

1.М.Б.Базарбаева

1) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. Ақтөбе қаласы. "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау" (72 сағат) 17.08.-28.08.2020ж. №0341407 28.08.2020ж.

2) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы. Алматы қаласы. "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау" (72 сағат) 18.08.-28.08.2020ж №011288. 28.08.2020ж.

3) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. Ақтөбе қаласы. "Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері" (72 сағат) 19.10-30.10.2020ж № 0341883. 30.10.2020ж.

4) "Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы. Ақтөбе қаласы "Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша" (235 сағат) № 194с72е51. 01.10.2021ж.

5) Ақтөбе облысының білім басқармасы. Ақтөбе қаласы. «Білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілген қызметтердің сапасын арттыру» 10.11.2022ж №359

2.А.Ф.Оразбай

1) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. Ақтөбе қаласы. "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау" (72 сағат) 17.08.-28.08.2020ж № 0341408. 28.08.2020ж

2) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы. Алматы қаласы. "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау" (72 сағат) 18.08.-28.08.2020ж №011289. 28.08.2020ж.

3) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. Ақтөбе қаласы. "Мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің ойын құзыретілігін дамыту " (72 сағат) 12.06.-22.06.2023ж № 0639792. 22.06.2023ж

3. А.М.Жаумбет

1) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. Ақтөбе қаласы. "Мектепке дейінгі ұйымының сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау" (72 сағат) 18.10-28.10.2021ж. № 0435909. 28. 10.2021ж.

2) "Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы. Ақтөбе қаласы."Баланы ерте дамыту бағдарлары" білім беру бағдарламасы бойынша (170 сағат) №325bcb6de 22.08.2022ж

5. Г.К.Қаңтарбаева

1)Республикалық "Өрлеу" ғылыми -әдістемелік орталығы. Астана қаласы. Арнайы кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша оқып және қайта даярлау курсының "ПСИХОЛОГИЯ" мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шықты. "Педагог-психолог" (540 сағат) 08.08.2022-13.01.2023ж.№ 639. 13.01.2023ж.

2) Республикалық "Өрлеу" ғылыми -әдістемелік орталығы. Астана қаласы. "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында психологиялық - педагогикалық қызметті ұйымдастыру" (80 сағат) БЖ №0075326. БФ. № 489-21. 27.01.2023ж.

6. С.К.Акатаева

1)Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. Ақтөбе қаласы. "Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырдың педагогикалық аспектілері" (72 сағат) 18.11-29.11.2019ж № 0295756. 29.11.2019ж. (декреттен қосылды)

Ұсыныстар:

1. Жаңаша форматта педагогтар біліктілік санатын көтерсін.
2. Жаңартылған білім беру курстарында педагогтар біліктілігін көтерсін.

Қорытынды:

- 1.Мектепке дейінгі мекемеде оқу-тәрбие жұмысы «жеткілікті» деңгейде.
2. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.

3. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілсін.

4. Педагогикалық құрамының сапасы жоғары деңгейде, барлығы мамандандырылған.

Қорытынды: Мектеп алды даярлық мұғалімдерінің диплом бойынша мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы атқарып жүрген қызметтеріне сәйкес келеді.

Қосымша-3, Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы

Мектепке дейінгі ұйымның түрі: бөбекжай-бақша – бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады.

Балабақшаның жұмыс тәртібі 5 күндік жұмыс аптасымен балалардың 10,5 сағат болуымен белгіленген.

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы болып табылады, топтар жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталған.

№	Оқу жылы	Топ аты	Бала саны	Оқыту-тәрбиелеу тілі
3	2023-2024 оқу жылы (қыркүйек-мамыр)	«Айжұлдыз» ортаңғы және ересек аралас тобы	25	Қазақша
		«Қарлығаш» ерте жас және кіші аралас тобы	25	Қазақша

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер туралы мәліметтер;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып, жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер:

Талдау: «Болшақ» бөбекжай-балабақшасында 2023-2024 оқу жылы бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы болған жоқ.

Қосымша: Ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің болмағандығын растайтын анықтама қоса жалғанып отыр

Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер:

Мектепке дейінгі ұйым сыйымдылығы 50 балаға, 2 топқа арналған. Топтар «Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы» бойынша жас топтарына толықтырылған. Олар «**Қарлығаш**» ерте жас және кіші аралас тобы жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы, 2 жастағы) балалар – 25 бала, «**Айжұлдыз**» ортаңғы және ересек аралас тобы жас ерекшелігі екі түрлі (3 жастағы, 4 жастағы) балалар – 25 бала.

Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілер 1 **жастан** бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында өз жастарына сәйкес топтарға бекітіліп, 5 жасқа толғанда ересек тобынан шығарылады. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

Қосымша-4, Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер

Бөбекжай-балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген. Топтағы заттық-дамыту орталықтары жас ерекшеліктеріне сай құрылған, МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта ретінде құрылған.

Топтағы заттық-дамыту орталықтары төмендегідей жиһаздармен жабдықталған: балалардың жасына байланысты парталар мен отырғыштар, мұғалім үстелі мен отырғышы, тақта, кітаптар мен құрал-жабдықтар қоятын сөрелер, стендтер.

Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкілер бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпарат берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана» бұрышы, «Қазақ тілі» бұрыштары, сонымен қатар «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары орнатылған. Сюжеттік-рольдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, аквариумдағы балықтар, бөлме өсімдіктері өсеріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Пәндік-кеңістік дамытушы орта бес білім беру саласына негізделген, балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін, жас ерекшеліктеріне сәйкес төмендегідей бөлінген.

1) *«Денсаулық» саласы бойынша:* -«Онға- солға қараймыз», «Жұлдызшалар», «Алма кетті домалап» және т.б. көзге арналған жаттығулар картатекасы; -«Күн тәртібі», «Таза ауада демаламыз», «Дәрумендер» және т.б. балалардың денсаулығын нығайтуға арналған картатекалар жиынтығы; -«Тышқандар мен мысық», «Аралар мен аю», «Торғайлар» және т.б. қимылды ойындар картатекасы; -саусаққа арналған «Жемістер тазалаймыз», «Киімдер», «Жеміс-жидектер» және т.б. жаттығулар картатекасы;

-балалардың дене бітіміне «Ұшқыштар», «Тербеледі ағаштар», «Кім жылдам» және т.б. жаттығулар картатекасы;- секіртпелер, кегли, шығыршықтар, доптар, массажды секіртпелер, теннис таяқшалары бар; Жыл мезгілдеріне байланысты серуен картатекалары бар.

2) *«Таным» саласы бойынша:* - «Апта күндері», «Көңілді санамақтар», «Вагондар» және т.б. сергіту жаттығулары;-«Артық -кем», «Бөлмедегі саяхат», «Көршісін тап», «Жоғалған сандар» және т.б. математикалық қабілеттерін қалыптастыруға арналған картатекалар;-үлестірмелі карточкалар, сандар, домино, дойбы, геометриялық пішіндер, «Төрт түлік», «Жабайы жануарлар», «Құстар», «Көліктер» және т.б.суреттер жиынтығы бар.

3) *«Қатынас» саласы бойынша:* - «Кемпірқосақ», «Бақшада» және т.б. тілге аналған жаттығулар картатекасы;Үлестірмелі карточкалар, әріптер, буындар, дыбыстық талдауға арналған текшелер, мозайкалар, балалар компьютері бар.

4) *«Шығармашылық» саласы бойынша:* - акварель бояулар, гуашь, қылқаламдар, түрлі түсті қарындаштар, ермексаздар, құм, пішіндер, мозайкалар, конструкторлар, бастыру трафареттері, боямақтар, лепбук ; -балаларға арналған музыкалық аспаптар: саз сырнайлар, домбыра, гитара, сылдырмақтар, микрофон бар.

5) *«Әлеумет» саласы бойынша:* - «Менің Отаным-Қазақстан» бұрышы,; «Жолда жүру ережесі», «Менің кішкентай бауырларым», «Аспан әлемі», «Дәрумендер» және т.б.әңгімелесуге арналған картатекалар; «Жол ережесін білесің бе?», «Мен көшедемін», «Мен үйдемін» және т.б. картатекалар жиынтығы бар.

Сонымен қатар балалардың ойлау қабілеті, дұрыс сөйлеуі мен бір-біріне қатынастарын арттыру мақсатында «Емхана», «Асхана», «Шаштараз» және т.б. сюжетті-рөлді ойындар бұрышы, «Оқуға құштар мектеп» атты кітаптарбұрышы ұйымдастырылған. «Үстел үсті театры», «Саусақ театры», «Орамал театры», ертегілерге байланысты картоннан жасалған бетперделер бар.

Табиғат бұрышында балалар бөлме өсімдіктеріне қарауға мүмкіндік жасалған. Қарағай бүрлері, құм, дәндер, жапырақтар және түрлі табиғи материалдар бар.

Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай. Аудиотека, видеотека бойынша қазақ және орыс тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар,сергіту сәті дискілердің данасы жинақталған.

Барлық топтардың оқу бөлмесінде балалардың білім алу мен тәрбиеленуіне, дамуына жағдайлар жасалған.

Қорытынды:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталған.

9.4.баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

2022-2023 (қыркүйек-мамыр)

Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін **ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің мазмұнынан күтілетін нәтижелер** болып табылады. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;
 - әңгімелесу;
 - балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.
- Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық, ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады.

Ерте жас тобы үлгілік бағдарлама мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан оларда **бастапқы бақылау жүргізілмейді**. Басқа топтар үшін Бастапқы бақылау алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізілді. Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтарымен жүргізіледі.

Бақылау парақтары Excel форматта берілген, сонда алдымен оқу жылы, мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты жөні туралы мәліметтер толтырылған. Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері (күтілетін нәтижелер) және соған сәйкес 3 индикатор берілген. Мысалы, кіші топ сөйлеуді дамыту бойынша төмендегі кестедегідей толтырылады, бір критерийге берілген 3 индикатордың біреуі (1 санымен) ғана белгіленеді де қалған индикаторларға ешқандай белгі қойылмайды.

2023-2024 (қыркүйек-мамыр)

2023-2024 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері **жаңашаландырылды**.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы3 тамыздағы№ 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны **қайта қаралып бекітілуіне байланысты** мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгерубойынша **мониторинг жүргізудің критерийлері мен индикаторлары, әдістері мен тәсілдері және есептеу әдістемесі жаңа форматта жүргізілді.**

2023-2024 оқу жылы бала санымен беріледі

Қосымша-6: Балалардың жеке даму карталары анықтамаға қоса жалғанған.

Қорытынды:

Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт талаптарына сай келеді.

Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау мониторинг көрсеткіштері орташа есеппен 92 % -деңгейді құрады.

Тәрбиеленушілердің даму деңгейлерін бағалау мониторингінің сапасын бақылау бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілген, іс-құжаттары талапқа сай жинақталып, талап етуші орынға көшірмелері дайындалды.

2023-2024 оқу жылы тәрбиеленушілердің даму мониторингілерінің жаңа форматы енгізілді. Осыған сәйкес мектепалды даярлық сыныбында қаңтар айында **аралық** мониторинг жүргізілді. Мониторинг «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» - на сәйкес жасалды.

Диагностика жүргізуде қолданылатын әдістер: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалған. Әрбір критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтауға және баланың жеке даму картасын жүргізу үшін алдағы жұмысты жоспарлауға жалпы жеке баламен, топпен тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға болады. Мониторингті осылай әрбір критерийдің индикаторларына сәйкес белгілеу, мониторингті шынайы жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ топтың Үлгілік бағдарламаны игеруі бойынша толық нәтижесін көруге, Үлгілік бағдарлама мақсатына жетуге әрбір баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға ықпал етеді.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін
аралық бақылау:**

Жас ерекшелік топтары	Ба-ла-ла-р-са-ны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуник ативтік дағдыларды дамыту		Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту				Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			БАРЛЫҒЫ						
		ол ар ды ң іш ін де жо ға ры де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де ор та ша де ңг ей	олар дың ішін де тө ме н деңг ей	ол ар ды ң іш ін де жо ға ры де ңг ей	олар дың ішін де ор та ша де ңг ей	олар дың ішін де тө ме н деңг ей	ол ар ды ң іш ін де жо ға ры де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де ор та ша де ңг ей	олар дың ішін де тө ме н деңг ей	ол ар ды ң іш ін де жо ға ры де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де ор та ша де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей	ол ар ды ң іш ін де тө ме н де ңг ей		
Жас ерекшелігі әртүрлі топтар (1, 2 жастағы балалар)	9	4	4	1	3	4	2	3	4	2	4	4	1	4	3	2		4	40	4	42	2	18
Жас ерекшелігі әртүрлі топтар (3,4,5 жастағы балалар)	41	20	21	0	17	22	2	17	22	2	20	21	0	20	21	0		19	46	21	52	1	2
Барлығы	50	24	25	1	20	26	4	20	26	4	24	25	1	24	24	2		22	43	25	47	2	10
%	100	48	50	2	40	52	8	40	52	8	48	50	2	48	48	4							

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы

немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген.

Мектепке дейінгі ұйымның аралық мониторинг көрсеткіштері жоғарыдағы кестеде берілген, балабақша бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі соның ішінде жоғары және орташа деңгейді көрсеткен балалардың үлесі – **92 %** пайызды көрсетті. Мамыр айында жүргізілетін қорытынды мониторинг нәтижесі шамамен **92%** пайызды көрсетеді деген ойдамыз.

Қорытынды: Ересек тобы бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі соның ішінде **жоғары және орташа деңгейді көрсеткен балалардың саны- болды, бұл – 92 % көрсетті. Кестені құрғанда осы сақталуы керек.**

Қосымша-11: тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелері

Қорытынды: Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі негізінде жүргізілген. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады.

IX. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.

Әдістемелік ұсыныстар:

«Болашақ» бөбекжай балабақшасы МКҚК оқыту тәрбиелеу процесін зерделеу барысында келесідей кемшіліктер мен ескертулер жасалды:

1. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық кадрларының біліктілік санатын көтеруді қажет етеді.

Мекемедегі 6 педагог. 5 педагог – санатсыз.

Шешу жолы:

- Санатсыз педагогтар санаттарын көтеруге жұмыстану.

2. Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік базасы жақсартуды қажет етеді.

Шешу жолы:

- Балабақша әкімшілігі жоғары тұрған бағынысты мекемелерге уақтылы сұраныс жіберіп немесе демеушілер тартып әдістемелік базаны толықтыруға жұмыстану.

3. Мектепке дейінгі ұйымның жабдықтар мен жиһаздармен қамтамасыз етілуі «қанағаттанарлық деңгейде».

Шешу жолы:

- Мекеме жабдықтары мен жиһаздарының тозуы туралы анықтама дайындап, жоғары тұрған бағынысты мекемелерге тиісті қаражат мөлшерімен сұраныс жіберу

ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

1. Мектепке дейінгі мекеме компьютерлермен, интернет жүйесімен қамтылған.

2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сай әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

3. Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде.

Қорытынды:

1. «Болашақ» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне анықталған көрсеткіштерге сәйкес келеді. даярлығы бойынша

3. Өзін-өзі бағалау бойынша қаралған жұмыстың құжаттарының көшірмелері талап етуші орынға дайындалды.

Комиссия мүшелері:

- 1) комиссия төрағасы  Базарбаева М.Б.
- 2) комиссия мүшесі  Жаумбет А.М.
- 3) комиссия мүшесі  Акатаева С.К.
- 4) комиссия мүшесі  Оразбай А.Ф.
- 5) комиссия мүшесі  Дуйсенбина Г.Г.